

Тоғыз селолық округі әкімінің 2008 жылғы 21 қарашадағы № 7 "Тоғыз селолық округіне қарасты Тоғыз стансасындағы көше атауларын қалыптастыру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 4093 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Тоғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тоғыз селолық округі әкімінің 2008 жылғы 21 қарашадағы № 7 «Тоғыз селолық округіне қарасты Тоғыз стансасындағы көше атауларын қалыптастыру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-89 болып тіркелген, 2009 жылғы 05 қаңтардағы «Шалқар» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Көшелерге атау беру туралы»;

көрсетілген шешімнің кіріспесіндегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы туралы» қаулысы» деген сөздер алынып тасталсын.

мемлекеттік тіліндегі шешімнің бүкіл мәтін бойынша «селолық» сөзі «ауылдық» сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК